

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің "Қазарнайыкәсіпорын" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 шілдедегі N 577 Қаулысы

"Мемлекеттік кәсіпорындар туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің "Қазарнайыкәсіпорын" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Қазарнайыкәсіпорын" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - қоғам) болып қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) қоғам қызметінің негізгі мәні ретінде қорғалған баспа-бланк өнімін дайындауды және ақпаратты өңдеу мен қорғаудың техникалық құралдарының жалпы және арнайы қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетінін сертификаттауды анықтай отырып, оның ж а р ғ ы с ы н б е к і т с і н ;

2) қоғамды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

3) қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену мен пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне берсін;

4) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1)»"Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері мен ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген 2-қосымшаға сәйкес Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Алматы қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-111-жолмен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"123-111»"Қазарнайыкәсіпорын" АҚ";

2)»"Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында :

Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге және өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 242-2-жолмен толықтырылсын:
"242-2 "Қазарнайыкәсіпорны" АҚ".

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК